

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 15 наурыз N 310. Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., N 9, 76-құжат.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 9-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығының 16-бабына, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына және "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.12.28. N 1404 қаулысымен .

2. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын және 1-қосымшаға сәйкес оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қосу жолымен мемлекеттің 100% акциялар пакетімен "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

3. Қоғам қызметінің негізгі түрлері, магистральдық темір жол желісінің операторы және тасымалдаушысы функцияларын орындау деп белгіленсін.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы N 1389 Қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының және 1-қосымшаға сәйкес оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының мүліктерін, сондай-ақ 2-қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін беру жолымен Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруды;

2) < * >

3) Қоғамның жарғысын бекітуді және оның мемлекеттік тіркелуін;

4) < * >

5) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.27. N 479 қаулысымен .

Ескерту. 4)-тармақша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.09.25. N 1051 қаулысымен .

Ескерту. 2)-тармақша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.12.28. N 1404 қаулысымен .

5. 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 5 н а у р ы з д а ғ ы
N 3 1 0 қ а у л ы с ы н а
1-қосымша

"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қайта ұйымдастырылатын еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесі

- | | | | | | |
|-----|---|-----------------------------|---|---|---------|
| | 1 . | | < | * | > |
| 2 . | | " И н ф р а қ ұ р ы л ы м " | | | Е М К . |
| 3 . | | " Л о к о м о т и в " | | | Е М К . |
| | 4 . | | < | * | > |
| | 5 . | | < | * | > |
| | 6 . | | < | * | > |
| | 7 . | | < | * | > |
| 8 . | | " Ж ү к т а с ы м а л ы " | | | Е М К . |
| 9. | "Вагон паркін басқару жөніндегі бірінші мемлекеттік компания" ЕМК. | | | | |
| 10. | "Вагон паркін басқару жөніндегі екінші мемлекеттік компания" ЕМК. | | | | |
| 11. | "Вагон паркін басқару жөніндегі үшінші мемлекеттік компания" ЕМК. | | | | |
| | 1 2 . | | < | * | > |
| 13. | "Хромтау - Алтынсарин" темір жол желісінің құрылысы және оны уақытша пайдалану жөніндегі дирекциясы" ЕМК. | | | | |

Ескерту. 1,4-7,12 жолдар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.04.27. N 479 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 5 н а у р ы з д а ғ ы
N 3 1 0 қ а у л ы с ы н а
2-қосымша

Акцияларының пакеттері "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына берілетін акционерлік қоғамдардың тізбесі

1. "Жол жөндеу" ААҚ.
2. "Әскерилендірілген темір жол күзеті" ААҚ.
3. < * >
4. "Жол жөндеуші" ААҚ.
5. "Көлік сервисі орталығы" ААҚ.
6. "Кеденкөліксервис" ЖАҚ.
7. "Көліктелеком" ААҚ.
8. "Жолаушылар тасымалы" ААҚ.
9. "Теміржолмашжөндеу" ААҚ.
10. "Локомотивжөндеу" ААҚ.
11. "Вагонжөндеу" ААҚ.
12. "Теміржолсужылужабдықтау" ААҚ.
13. "Қазкөліксервис" ААҚ.

Ескерту. 3-жол алып тасталды, 8-13 жолдармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.04.27. N 479 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 15 наурыздағы

N 310 қаулысына

3-қосымша

**"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы"
жабық акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің
құрамы**

Нәлібаев Әбдіқалық Зәкірұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасары, төраға;

Жәмішев Болат Бидахметұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі;

Құсайынов Әбілғазы Қалиәкпарұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі;

Раханов Мақсұтбек Смағұлұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы;

Рақымбеков Боран Ғизатұлы - Қазақстан Республикасының Әділет бірінші вице-министрі;

Шнейдмюллер Владимир Викторович - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі;

Атамқұлов Ерлан Дүмшебайұлы - "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының президенті.

Ескерту. Құрам толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.15. N 313 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 5 н а у р ы з д а ғ ы
N 3 1 0 қ а у л ы с ы н а
4-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер**

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-27-жолмен толықтырылсын:

"21-27 "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" ЖАҚ".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :
көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 160-12-жолмен толықтырылсын:

"160-12 "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" ЖАҚ".

3. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Қазкөліксервис" еншілес мемлекеттік кәсіпорны мен "Кеденкөліксервис" жабық акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 қаңтардағы N 11 қаулысының күші жойылды деп танылсын.